

## Қоршаған ортаны қорғау

«Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аса көп көңіл бөледі. Компания экологиялық құрауыштарға (ауа, су, топырақ және т.б.) мониторинг жүргізу және өндірістің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін тиімді азайту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.

### Атпалар мен қалдықтар бойынша деректер

Атауы	Өлш.бірл.	2015	2016	2017
<b>Стационалық көздер бойынша (тасталынды),</b>	т	5134,325	5017,922	5120,115
соның ішінде газды жалындатып жағу салдарынан	т	2554,934	2511,26	2991,914
<b>Атпалар бойынша</b>	т	34,188	50,028	35,454
Қалдық көлемі (орналастырылған)	т	7193,785	3308,975	3007,91
Қалдық көлемі (қайта өңделген)	т	7199,71	12216,0914	11995,53
Жинақталған қалдық көлемі үдемелі қорытындымен	т	13742	8243,475	5465,629
Газ жағу көлемі	мың м <sup>3</sup>	85043,3	87188,3	100538,2

2017 жылғы маусымда Компания ірі жоба – қуаты жылына 150 млн текше метр Прорва кен орындар тобының ілеспе газ даярлау қондырғысын іске қосты. Жоба ілеспе газды 100-пайыз кәдеге жарату бағдарламасының аясында жүзеге асырылған.

Компания жоспарлы түрде қоршаған ортаға тигізетін зиянды барынша азайту жолында жұмыс жасап, өндіріс қалдықтарын азайту мәселелеріне көп көңіл бөледі. «Ембімұнайгаз» АҚ тарихи ластанған аумақтарды тазалауға және мазуттанған топырақты қайта өңдеуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруға елеулі қаражат бөледі. Қайта өңдеу жұмысы Kalottikone фин компаниясы өндіретін KASC-30M қондырғысының көмегімен орындалады. Қайта өңделген топырақ кен орындарындағы автожолдардың құрылысы және жөндеуі кезінде қолданылады. Сонымен бірге шеттес ұйымдардың қатысуымен топырақ тиімді әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз биологиялық әдіспен қайта өңделеді. Бұдан басқа қосымша өндіріс қалдықтарын (пайдаланылған шамдар, майлар және т.б.) арнайы мамандырылған кәсіпорындарға табыстау арқылы кәдеге жаратады.

Тұщы суды оңтайлы қолдану аясында Компанияда 2016 жылдан бастап Оңтүстік Ембі бассейні және Қайнар сілемінің аумақтарында жерасты сулардың альб-сеноман түзілімдерін бағалай отырып, жер асты суларды зерттеу және «Ембімұнайгаз» АҚ нысандарының өндірістік қажеттіліктері үшін бұдан әрі пайдалану бойынша жұмыстар басталды. Бағдарламаның жүзеге асырылуы кәсіпорынның Еділ суын өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктер үшін тұтынуды тәуелдігін азайтады.

Жағалаудағы және су экожүйелеріне тиетін әсерден қорғау мақсатында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен орнының аумағында қорғаушы бөгетті нығайту жұмысы, сондай-ақ су деңгейі көтерілген және су басқан ұңғымалардың мониторингі жүргізіледі.

Компания қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми-зерттеу, іздеу және басқа жұмыстар жүргізеді. Зиянды өнеркәсіптік заттар мен автокөлік шығарындыларын кәдеге жарату тәсілдері зерттеліп, ластаушы заттардың мониторингі және бақылау жүйелерінің автоматтандырылған өндірісі әзірленіп жатыр. Бұл Компанияның өндірістік нысандарының орасан зор аумақты алып жатқандықтан әсіресе өзекті мәселе болып табылады. Өндіріс қалдықтарын орналастыруды реттеу және нормалау жұмыстары және тағы басқа шаралар өткізіліп жатыр.

Компания сонымен бірге кәсіпорын қызметкерлері және өңірдегі халықтың арасында экология мәселесі бойынша ағартушылық қызметпен айналысады, әрі ҚОҚ саласында мамандардың біліктілігін арттыру жолында көп жұмыс атқарады.